

**8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау»
бағыты бойынша 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының докторанты
Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін ұсынған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын
қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторант Б.Ж.Айдаров іргелі ғылыми еңбектерді талдау барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру қажеттілігін жан-жақты ашып көрсете алған. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін Болон процесіне қосу, болашақ педагогтардың әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлемдік білім беру бағдарламаларына қатысу және олардың кәсіби ұтқырлығын дамыту проблемасын өзекті етеді. Бұл жоғары мектептегі оқу үдерісін әлемдік стандарттарға және білім беру қызметтері нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келтіруді талап етеді.</p> <p>Бүгінгі таңда Болон келісіміне сәйкес жоғары кәсіби білім беру жүйесінде қоғамға ұтқыр мамандардың қажеттілігі артып отыр. Сондықтанда Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, теникалық және кәсіби білім беру жүйесінде бәсекеге қаблеттілікті арттыру, әлемдік білім беру бағдарламаларына қатысу және олардың кәсіби ұтқырлығын дамыту ұсынылған.</p> <p>Ғылыми білімнің философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтану және басқа да аспектілері тұрғысынан түрлі саладағы ғалымдардың көптеген зерттеулері түрлі ұтқырлықтың проблемалары мен перспективаларына арнаған. Олар: академиялық, кәсіби, педагогикалық ұтқырлық. Зерттеу жұмысында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі мен терең теориялық түсінігінің</p>

			<p>мазмұнына үңіліп, ғалымдардың осы үдеріске әр түрлі көзқарастарын талдауға қарамастан, адам ұтқырлығының ерекше көрінісі кәсіби ұтқырлықтың проблемаларын әлі жеткілікті терең қарастырылмағанын және жоғары кәсіби педагогикалық білімді беру барысында одан әрі дамыту қажеттігін сипаттаған.</p> <p>Жоғарыда аталған проблемалар «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігін тереңдете түседі. Осыған орай Б.Ж.Айдаровтың зерттеу жұмысы барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығы және болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңыздылығын ғылыми тұрғыда негіздеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес үйлестірілген Б-16-10-14-Болашақ педагогтарды 12 жылдық білім беру жүйесіне кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері бағдары аясында «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында орындалған. Зерттеу жұмысын жүргізу уақыты 2017-2021жж.аралығын қамтиды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы	Диссертацияның зерттеу міндеттерін іске асыру мен мақсатқа қол жеткізу барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогика ғылымының,

		ашылған/ашылмаған.	<p>соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесінде өзінің маңыздылығын нақтылай түскен:</p> <p>Біріншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде практикалық тұрғыдан іске асырылған;</p> <p>Екіншіден, зерттелеу процессінде академиялық ұтқырлықты қалыптастырудың тиімділігін жетілдіруге бағытталған педагогикалық шарттар анықталып, ғылыми негізделген оқу-әдістемелік жұмыспен қамтамасыз еткен;</p> <p>Үшіншіден, ЖОО-ның оқу үдерісіне «Педагогтардың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы оқытуды іс жүзінде жүзеге асырған;</p> <p>Төртіншіден, зерттеудің теориялық және эксперименттік нәтижелері диссертация жұмысында толық талқыланды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Докторант Б.Ж. Айдаров диссертациялық жұмысын жазуда өзі жазу ұстанымында болған. Автор диссертация жұмысын жазу барысында жан-жақты ғылыми мәліметтер берген. Зерттеу жұмысы барысындағы барлық талқыланды ақпараттар өте түсінікті, мағыналы және үйлесімді. Автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігі көрінеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру проблемасының өзектілігі қазіргі заманғы қоғамдық және экономикалық қатынастардың дамуымен, ал ұтқырлық бүгінгі таңдағы адамның табысты кәсіби қызметінің кепілі болып табылатын еңбек нарығының сипатын кеңейтуге байланысты қоғам мен мемлекеттің кәсіби ұтқыр мамандардың қажеттілігін тудырады. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру жүйесінде, еліміздегі бірқатар педагогикалық зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы студенттердің бәсекеге қабілеттілігін, шығармашылық</p>

		<p>әлеуетін, көшбасшылығын, кәсіби құзреттілігін қарастырған зерттеу жұмыстары бар болғанымен кәсіби ұтқырлықтарын қалыптастырудың маңызы туралы арнайы жұмыстар қарастырылмаған.</p> <p>Осы бағыттағы ғылыми теориялық тұрғыдан негізделген әзірлемелердің болмауы аталған проблеманы зерттеу қажеттілігін тудырған.</p>	
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім 4 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты – жоғары оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік - эксперименттік жұмыста сынақтан өткізусәйкес келеді.</p> <p>Атап айтсақ: зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мәні теориялық тұрғыда негіздеумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындаумен, ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізумен сәйкес келеді.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p>	<p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығы жалпы кәсіптік білімді, жаңа инновациялық технологияларды, типтік және типтік емес педагогикалық міндеттерді шешудің</p>	

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок</p>	<p>жалпыланған кәсіби тәсілдер жүйесін жылдам және сәтті игеруді қамтамасыз ететін, түлектердің еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына икемді жауап беру мүмкіндіктері мен қабілеттерін кеңейтетін және кәсіби мәртебені ауыстыруға дайын тұлғаның интегралды сапасы ретінде ұсынылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негізін құрайтын әр тарау бойынша талданған теориялық тұжырымдар бойынша анықталып, ал оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі ғылыми стилді зерттеу мәселесін жаңаша үлгіге сүйеніп жасаған. Әрбір нәтиже, тұжырым мен қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушалаға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқындалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдауы бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Б.Ж.Айдаровтың зерттеу нәтижелерінде ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектеген.</p> <p>Ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп айтамыз. Ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды талдай білген.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын</p>

			<p>калыптастырудың мәні мен теориялық негіздері ресурстық, жүйелік және тұлғалық-әрекеттік сипатта айқындалған.</p> <p>Екінші ғылыми нәтижесі жаңа, өйткені болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтарын қамту негізінде жасаған.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасу критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі, ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бағдарламасын практикаға ендіріп, сынақтан өткізген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p>Бірінші қорытынды бойынша кәсіптік оқыту мамандығы бойынша болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдар тұрғысынан қарастырып, анықтауы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші қорытынды бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Үшінші қорытынды бойынша докторант білімнің бірізділік және логикасын сақтай отырып ЖОО-ның білім</p>

			<p>беру процесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мәселелерін шешудің (мазмұндық сипаттамаларында) қажетті және жеткілікті шарттарының кешені толығымен жаңа деп есептеледі.</p> <p>Төртінші қорытынды бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру толығымен жаңа.</p> <p>Эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында оқу процесі барысында жүргізілген.</p> <p>Эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелері мен қорытындылары жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы жүргізілген зерттеу жұмысы толық, жаңа және негізделген болып табылады.</p> <p>Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізген, алғашқы гипотеза расталған, алға қойған міндеттері шешілген және негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар педагогика және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмысы</p>

			барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен дәлелденіп, негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>Ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысында қорғауға ұсынған қағидалары:</p> <p>1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері</p> <p>2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі</p> <p>3. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары</p> <p>4. ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігінің негізделуі</p> <p>1). Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл диссертанттың жарияланған төрт мақаласында дәлелденген:</p> <p>а). Кәсіби педагогикалық ұтқырлықтың қалыптасуының теориялық негіздері. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том 3, ОҚУ. Шымкент, 2021. –Б.87-91;</p> <p>ә). Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазак-Түрік университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, №4, (144) 2019. - Б.151-160;</p> <p>б). Научно - теоретическая значимость системного подхода в формировании профессиональной мобильности будущих педагогов профессионального обучения. Научное обозрение. Фундаментальные и прикладные исследования (научный журнал)-2020.-№2;</p> <p>в). Понятийный статус</p>

			<p>профессиональной мобильности педагога. ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире». Выпуск 4 (72) 2021г. ISSN 2524-0986 РИНЦ. –С.94-99) дәлелденген.</p> <p>2).Болашак кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл төрт мақалада дәлелденген:</p> <p>а). Development Factors of the Lecturers' Professional Mobility in System of Higher Education in Kazakhstan. Copyright © 2020 by Academic Publishing House Researcher s.r.o. All rights reserved. Published in the Slovak Republic European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 2020, 9(3): -P.490-504;</p> <p>ә). Semantic Guidelines and Conceptual Basis of a Social Education Teacher Professional Mobility in the Pedagogical Science// Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment журналы (Canada), 2020, E-ISSN 2292-2598, Scopus. Vol. 8, Iss. 3.- P.560-566 Semantic Guidelines and Conceptual ... - Lifescience Global;</p> <p>б).Болашак педагогтың кәсіби ұтқырлығының қалыптасу үдерісінің моделі. Материалы международной научно-практической интернет-конференции «тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» 31 марта 2020 года вып. 57 сборник научных трудов Переяслав – 2020. –С.129-132;</p> <p>в).Болашак педагогтардың кәсіби ұтқырлық қарым қатынастарын дамыту үшін оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру жолдары. Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті. «Білім саласындағы рухани жаңғыру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Шымкент-2018. Б.135-139) дәлелденген.</p> <p>3).Болашак кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу</p>
--	--	--	--

			<p>ауқымы кең. Бұл екі мақалада дәлелденген:</p> <p>а). Professional pedagogical mobility and specific features of its formation. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ № 6, қараша-желтоқсан, Алматы-2020, -Б.322-331;</p> <p>ә). Педагогтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Хабаршысы ғылыми журналы, №3, (117), 2020. –Б.235-246</p> <p>4). ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігінің негізделуі бойынша ЖОО білім алушыларына арналған «Кәсіби ұтқырлықты болашақ кәсіптік оқыту педагогының бойында қалыптастырудың алғышарттары мен жолдары» тақырыбындағы электронды оқу құралын, «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» атты оқу-әдістемелік нұсқауын дайындаған. Қағидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл үш мақалада дәлелденген:</p> <p>а). Interactive tools for the development of professional mobility of the future teacher. ICITE – 2021. M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan. Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies and Engineering», November 10-11, Volume IV.-P.71-73;</p> <p>ә).Реализация академической мобильности в Казахстане: основные достижения. «Innovative Processes Management in the Context of Education and Science Modernization» Materials of the III International Scientific-Practical Conference April 7-9, 2021 Hamburg (Germany) Volume II Hamburg, 2021. –P.126;</p> <p>б). Профессионально-педагогическая мобильность как педагогическая категория. «Prospects for the Development of Modern Science» Materials of the V International Scientific-Practical Conference March 11-13, 2020 (Seoul, Korea) Volume II Seoul, 2020.-P.162-169</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер

мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	жазылған 1) <u>Ия</u> ; 2) жок	мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант Б.Ж.Айдаров диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық ұстанымдарды басшылыққа алған және негізделген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) <u>Жок</u>	Б.Ж.Айдаров диссертация жұмысын жазу барысында зерттеу нысаны ретінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісін басшылыққа алып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда оқытудың заманауи және белсенді әдістерін пайдаланған. Шешілетін оқу міндеттеріне және оқу материалын баяндау қарқынына байланысты студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің барлық кезеңдерінде интерактивті режимде оқытудың мынадай нысандары мен әдістерін практикада қолданған. Олар: проблемалық және бинарлық дәрістер, дәріс-әңгімелер, баспасөз-конференция дәрістері, әңгіме-сенімдер, демонстрациялар-сенімдер, жобалар, жаттығулар, кейс-әдіс, дөңгелек үстелдер, бақылаулар, тренингтер, пікірталастар, дебаттар, шағын топтардағы жұмыстар, ми шабуылы, дидактикалық және шығармашылық ойындар (рөлдік, іскерлік, ұйымдастырушылық-әрекеттік), мастер-кластар, экскурсиялар, конкурстар, олимпиадалар және т. б. Диссертациялық жұмыста болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үшін вариативті технологияларды дамытуға қатысты бірқатар мәселелер, зерттелетін үдерісті психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз ету жолдары зерттеуден тыс қалғаны байқалады, бірақ бұл жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені зерттеу жұмыста мақсат пен міндеттер толық орындалған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар	Б.Ж.Айдаровтың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы

		<p>және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінен 143 студенттің сынаққа қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапқан. Соның ішінде: SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда - 2; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 3; Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында - 10 мақала жарық көрген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға. ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында отандық және шетелдік авторлардың 232 әдебиет көздеріне шолу жасаған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) Ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің теориялық маңызыдылығы бар: 1.Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын</p>

			<p>қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған.</p> <p>2.Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтарын қамтиды).</p> <p>3.Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған.</p> <p>4. ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперименттік тәжірибемен дәлелденген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы: ЖОО білім алушыларына арналған «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» әдістемелік нұсқауы маман дайындаудың модульдік білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына енгізілген. Ендіру АКТ-сі бар. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады:</p> <p>1. ЖОО-да оқу жоспарына элективті пән ретінде енгізілген «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» таңдау курсы, сонымен қатар, зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>2. Зерттеуде жұмыстың тәжірибелік-эксперименттік бөлігін жүргізу кезіндегі бастапқы қағидаттар болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделі және оны мамандық бойынша міндетті оқу пәндерінің циклімен байланыстыру, қойылған мақсаттар мен міндеттер шеңберінде жүзеге асырылатын қағидалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жүйелілік; стратегиялық тұтастық; оқу үдерісін білім беру нәтижелерін диагностикалауға, қызмет субъектісінің құндылық саласына, бағдарлау қағидаттары: -кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіне білім беру

			<p>үдерісінің барлық мүдделі қатысушыларын жұмылдыру қағидаты; мақсаттылық қағидаты;</p> <p>- таңдаған мамандық саласындағы кәсіптік қызметтің әртүрлі аралас түрлерінде студенттердің кәсіптік бағдарлануын кеңейту негізге алынған, толығымен жаңа.</p> <p>3.ЖОО-ның мақсатты ұйымдастырылған оқу процесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелерін шешудің (мазмұндық сипаттамаларында) қажетті және жеткілікті шарттарының кешенін өзге ЖОО-ның тәжірибесінде қолдануы ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>4. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби дайындау мәселелері бағытындағы жаңа зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Б.Ж.Айдаровтың зерттеу жұмысы қазіргі таңда өзекті мәселелердің шешімін табуға ықпалын тигізеді. Өйткені, докторанттың жұмысында қазіргі қоғамда көкейкесті мәселелердің бірі бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жүйесі қарастырылған.</p> <p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтай білген. Диссертацияны жазу барысында жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған.</p> <p>Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын «Ғылыми дәреже беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің PhD докторы



Баженова Э. Д.

